




Түзету –дамыту жұмыстары






Бүлдіршіндердің қол моторикасын дамыту. (ортаңғы топ)














RAPTOR
CHISER



















Ұсақ қол моторикасын дамыту












«Пішіндерді қи» әдістемесі










Ұсақ қол моторикасын дамыту








Түзету-дамыту сабақтары

Күні : 18.10.22 ж
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Тақырыбы: : Есіңде сақтай біл (жады диагностикасы)
Пән : коррекциялық сабақ
Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыға есте сақтау тәсілдерін үйрету.
2. Оқушының жадысын , логикалық ойлауын дамыту.
3. Өз бойындағы ерекшеліктерін бағалауға үйрету.


Сәлемдесу. Әңгімелесу. Көңіл-күйін анықтау
«Көңіл-күй түсі» бұлттың ішін өзінің көңіл-күйіне сай түспен бояйды.
Қызыл -өте жақсы. Жасыл-жақсы. Көк-көңілсіз. Сары –еш нәрсеге зауқым жоқ.

1 тапсырма : суреттерге 15 секунд қарап , есіңе сақтап ал.



15 секундтан кейін суреттердің бетін жауып , оқушыға сұрақтар қойылады.
-Гүлде неше жапырақ бар?
- 3 нөмерде қандай зат салынған ?
-Машина қай жаққа бара жатыр?
-Ыдыстың ішінде су бар ма?

2 тапсырма : соңғы кубиктегі нүктелерді санап, сол нүктелер санынан екі нүктеге аз кубикті тап .



.

3 тапсырма: көртышқанға өзі үйіне баратын жолдыы көрсет.



Түзету-дамыту сабақтары

Күні : 13.10.22 ж
Топ: орта топтың балалары
Тақырыбы: : «Бала бақша жағдайына балалардыңпсихологиялық бейімделуі»

Қимылды ойын: Көжектер мен түлкілер

Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа қушылыққа баулу.
Ойын шарты:Бір бала түлкі болып сайланады. Қалған балалар көжек бетпердесін киіп, дөңгеленіп отырады.
Ойын жүргізіушісі: Көжектерім тұршы
Беттеріңді жушы
Ну орманға барайық
Тамақтанып алайық.
Қаш: Жалаңдаған қу түлкі
Келіп қалыпты орманға
Көжектерің қайда деп.
Қуып келді соңынан
Көжектер ән ырғағымен секіріп, қаша жөңелді, түлкі қуады.

Қимылды ойын: Аю

Ойын мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа баулу.
Ойын шарты:Бір бала аю болып сайланады, Қалған балалар қоян болады. Қояндар орманда ойнап жүріп ұйықтап жатқан аюды оятып жібереді. Аю ашуланып қуа жөнеледі.Ойын 2-3рет қайталанып, аю жаңадан сайланып отырады.

Қимылды ойын: Ақ қоян

Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.
-Қояным,қояным ұйқыңнан тұршы
Бет-қолыңды жушы,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы,
Мәсіңді киші,
Көлегіңді киші,
Енді бізді қушы-деп балалар қаша жөнеледі.

Тақырыбы: "Кім көп таспа жинайды? "

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.
Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді

Тақырыбы: "Поезд"

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.
Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға поезд болып ойнайық, мен паравоз боламын, ал сендер вагонсыңдар, пуп-пуп-пуп. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін қатты, ягни тез жүреді

Күн мен жаңбыр

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады

Қорытынды:

Орта топ балалары ойынға қызығушылықпен, белсене қатысты.
Ойын барысында жақсы қарым-қатынас, бір-біріне көмектесу болды.

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

Түзету-дамыту сабақтары

Күні : 21.10.22 ж
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Тақырыбы: Психологиялық сабақ "Эмоция әлемі"
Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеру, бір–біріне достық қарым- қатынас, көңіл бөлу және қамқорлық жасауға тәрбиелеу, тапсырмаларды бірге орындау.

Амандасу рәсімі:

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды күніміз,
Жарқырайды даламыз.
Қайырлы таң,балалар!
Қайырлы таң, қонақтар!

Сабақтың барысы:

Балалар мен сендерді күнде балабақшада көргенде қуанамын. Мен бәріңді жақсы көремін. Ал сендер бір-біріңді көргенде қуанасыңдар ма?
Тілек шеңберін құрып, күннің сәулесі арқылы жақсы, жылы, бір-бірімізге тілек айтайық
Балалар мен сендерді саяхатқа «Эмоция әлеміне» шақырамын. Ол үшін барлығымыз көзімізді жұмып, менің дауысымды ғана тыңдайық
Дайынсыңдарма 1,2,3,4,5
Енді, көздеріңді ашуға болады.
Балалар біз « Эмоция әлеміне» келдік.
Қаншама сүреттер, ашып көріп алайық
1-сурет **Көңілсіз** бауырсақ жылап тұр.
Балалар сендер калай ойлайсындар неге ол жылап тұр
2- сурет **Ашулы.**
Балалар сендер қайдан білдіндер ол ашулы екенін
Балалар сендерашуланасыңдар ма? Қашан?
3-сурет **Көңілді.**
Балалар қалай ойлайсындар суреттегі бауырсақ неге көңілді
4-**Реніштi** ренжіп тұр.
5-**Қорқып тұр**.
Бауырсақ не көрді соншама ол неге қорқып тұр? Балалар сендер неден қорқасындар?

Ойын:

Менің көңілім.
Балалар бейнелеп көрсетеді.
1. Көбелекке ұқсап ұшыңдар,
2. Бақа сияқты секіріңдер
3. Кішкентай бала сияқты жүріңдер,
4. Итті көрген мысыққа ұқсап жымиыңдар
5. Тасбақа сияқты жүріңдер

Жарайсыңдар, балалар енді бізге балабақшаға қайту керек,
Көзімізді жұмып, менің дауысымды ғана тыңдаңдар

Дайынсыңдарма 1, 2, 3, 4, 5. Енді, көздерінді ашуға болады
Біз балабақшадамыз, іс-әрекетімізды әрі қарай жалғастыра берейік
Ал енді балалар қарандаршы үстелдінүстінде қаншама суреттер. Қиылған сол суреттерді жинастырайық.
Ойын
Добым кетті домалап көше бойын аралап кімде добым қалады сол биге шығады. 2-3 рет
Жарайсындар, ал мен ұмытып кеттім ғой біздің «Снежинка» балабақшасынахат келгенді оқыйын ба?
Құрметті балалар біз ертегі саяхаттан сендерге хат жазып отырмыз. Балалар сендер бізге екі түрлі сурет, біреуі көңілді, екіншісі қөнілсіз суретін салып, конвертке жіберіңіздерші.
Рахмет
Балалар сурет салып береміз бе?
ЖАТТЫҒУ
Біз ақылды баламыз,
Айтқан тілді аламыз
Сурет салып отырсақ
Көңілді бала боламыз.
Балалар сурет салады.
Сурет салады.
Тамаша, балалар ал енді суреттеріңді қолдарына алып оны қонақтармен бірге көріп алайық.
Диана не салдың? Сенің салған суретің көңілді ме, әлде көңілсіз бе?
Жарайсыңдар балалар суреттерді жақсы салыпсыңдар, осы суретерді біз ертегі саяхатқа жібереміз.
Қорытынды:
Балалар, біз бүгін қайда барып келдік?
Сендер бүгін "Эмоция әлеміне" саяхатынқа бардыңдар, онда қандай суреттерді көрдіңдер?
Көңілді, көңілсіз, ашулы, реніште, қорқып тұрған бауырсақты көрдік.
Жарайсыңңар балалар осымен біздің бүгінгі «Эмоция әлеміне» саяхатымыз аяқталды. Сабаққа жақсы қатысып, ойын ойнап, тапсырмаларды орындап, жақсы айткандарың үшін сендерге балалар рахмет.
Қәне достар күлейік
Күліп өмір сүрейік
Ашуды, кекті, ызаны
Ұмытып тастап кетейік
Достармен ойнап
Өмірді біз кешейік
Қызықты болған күндерді
Осылай біздер өтейік

- Сау болыңыздар!

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

"Айгөлек" бөбекжай -бақшасы

Түзету -дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Күні : 18.10.22 ж
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Тақырыбы: : Есіңде сақтай біл (жады диагностикасы)
Пән : коррекциялық сабақ
Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыға есте сақтау тәсілдерін үйрету.
2. Оқушының жадысын , логикалық ойлауын дамыту.
3. Өз бойындағы ерекшеліктерін бағалауға үйрету.

Сәлемдесу. Әңгімелесу. Көңіл-күйін анықтау
«Көңіл-күй түсі» бұлттың ішін өзінің көңіл-күйіне сай түспен бояйды. Қызыл -өте жақсы. Жасыл-жақсы. Көк-көңілсіз. Сары –еш нәрсеге зауқым жоқ.

1 тапсырма : суреттерге 15 секунд қарап , есіңе сақтап ал.
15 секундтан кейін суреттердің бетін жауып , оқушыға сұрақтар қойылады.
-Гүлде неше жапырақ бар?
- 3 нөмерде қандай зат салынған ?
-Машина қай жаққа бара жатыр?
-Ыдыстың ішінде су бар ма?

2 тапсырма : соңғы кубиктегі нүктелерді санап, сол нүктелер санынан екі нүктеге аз кубикті тап .

3 тапсырма: көртышқанға өзі үйіне баратын жолдыы көрсет.

Козге арналған жаттығулар .

1. Көзді жыпылықтату.Ауаны мұрыныңа тартқанда көзіңді жұм, шығарғанда -аш.
2. «Мұрынмен хат жазу» Көзіңді солға – оңға , төмен – жоғары жылжытасың (6 реттен)

Сабақты пысықтау:
-Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?
-Көңіл -күйің қандай? Қандай сезімдесің ?
-Қалай есте сақтауға оңай болды?

Коррекциялық сабақтан күтілетін нәтиже.
Балада мейінімділік , сенім, құрмет сияқты жағымды қасиеттерін дамыту, көңіл – күйін басқара ала білуі, өз әрекеттері үшін жауапкешілікті сезіне білуі ,жақсы көңіл – күйде болуын қамтамасыз ету.Сабақ барысында жақсы қарым – қатынса орнатуға қызығушылығын тудыру.

Педагог – психолог : **К.У.Айжарикова**

Түзету-дамыту сабақтары

Күні : 14.10.22 ж
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Тақырыбы: : «Аспанға қалай жетуге болады ?»
Психогимнастика **(балалар үшін)**

Достар , не істеуге болады, (иығымызды түзетіп, қолымызды жазамыз)
Аспанға жету үшін? (қолымызды көлегейлеп, жоғары қараймыз)
Алдымен тамаққа отырып (үстелге отырамыз)
Дәмді тамақты жейміз (тамақ ішуді бейнелейміз)
Жасыл орманға барып (тұрып адымдаймыз)
Биік ағаш табамыз (қолымызды жоғары көтереміз)
Бұтақтары арқылы ақ бұлттарға барамыз (қолымызбен жоғары шығып бара жатқандай бейнелейміз)
Бізге ешкім жете алмас! (қолымызды екі жаққа созамыз)
Күнді ұстап аламыз (қолымызбен күннің формасын ұстап аламыз)
Енді міне – кері жол.(қолымыздағы сағатқа қараймыз)
Қолымызды күнге қарап бұлғаймыз. (алақанымызбен бұлғаймыз)
Үйге қарай ұшамыз
(ұшып бара жатқанды бейнелеп, орнымызға отырамыз)

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

"Айгөлек" бөбекжай -бақшасы

Түзету -дамыту жұмысы бойынша

Хаттама№

Түзету жұмысының атауы: Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жұмыс
Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту
Жүргізілген уақыты: 15.11.22 ж.
Қатысушы ата-аналар: мектепалды даярлық топ ата-аналары
Қатысқан ата-аналар саны : 8 (қатыспаған жоқ)
Психолог ата-аналарға балалардың сөйлеу тілдерінің дамыту бағытында дәріс оқыды.
Ата-аналарға кеңестер берілді.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер — есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің — дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу — есту және сөйлеу — қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

Дидактикалық ойындар. Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті — балалардың бағытталған және ортақ іс- әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастағы бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабатардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шыңдалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

Қимылды ойындар. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шыңдайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл

"Айгөлек" бөбекжай -бақшасы

Түзету -дамыту жұмысы бойынша

Хаттама№

Тақырыбы: "Кел амандасайық!" ойын жаттығуы

Топ: "Жұлдыз" "Күншуақ" тобы

Балалар саны: 8

Мақсат : Топта достық қарым – қатынасты қалыптастыру, балаларды қол – қимыл, мимикамен, эмоция түсінігімен таныстыруды жалғастыру.

Жоспар: 1. «Сүйкімді жануар» сабақты бастау рәсімі.

2. Кел, амандасайық!

3. Айтамыз және көрсетеміз.

4. Сынып қалған суреттер.

5. «Кішкентай маймылдар» ойыны.

6. Рефлексия

1. **Сабақты бастау рәсімі** «Сүйкімді жануар»

2. **Кел, амандасайық**! - Балалар, күнделікті біз бір-бірімізбен қалай амандасамыз? Қане кім айтады? (балалар амандасу түрлерін айтады).

- Өте жақсы! Ал енді, мен сендерге амандасудың басқа да түрлерін үйрстсйін, біздің ғана балабақшамызда амандасуға болады. Ссндср қол алып амандасуды білесіңдер, мен бір рет шапалақтағанымда барлығың бір-біріңмен қол алып амандасыңдар, ал мен екі рет шапалақтағанда иықтарыңмен амандасыңдар, ал үш рет шапалақтағанымда арқаларыңды бір-біріңнің арқаларына тигізіп амандасыңдар, жарайды ма?

Осылайша біз ерекше амандасып үйренеміз.

3. **Айтамыз және көрсетеміз**. Оң қолымды – иыққа, Сол қолымды – беліме, Қолдарымды жан-жаққа Түсіремін төменге, Оңға бұрыламын. Сол қолымды – иыққа, Оң қолымды – беліме, Қолдарымды көтеремін Түсіремін төменге, Солға бұрыламын.

4. **Сынып қалған суреттер**. - Балалар, үстел үстінде әртүрлі көңіл-күйді суреттейтін, бірақ сынып қалған суреттер жатыр. Қазір біз осы суреттерді жинап, жөндеп қандай көңіл-күй екенін шешейік. Арқашан көңіліміздің көтеріңкі болып жүргені жақсы емес пе, балалар? Бірақ ол мүмкін емес, бір жағдайларға байланысты көңіліміз болмауы да мүмкін. Топта бір-біріміздің көңілімізді қалай көтеруге болады? (Қызықты ойын ойнауға, жылы сөздер айтып, жылы көзбен қарап)

5. **«Кішкентай маймылдар» ойыны**. «Кішкентай маймылдар» ойынын ойнайықшы. Ол үшін барлығың жұпқа бөлініп, біреуің – маймыл, біреуің – айна болу керексіңдер. «Маймыл» бізге түрлі-түрлі қимылдар жасап көрсетеді, ал «айна» қайталау керек. Осылайша өзіміздің көңілімізді де көтеріп қалдық. Жарайсыңдар, балалар!

6. **Рефлексия**. Бүгінгі сабағымыз ұнады ма? Бүгін біз қандай жаттығулар орындадық, қайсысы сендерге қатты ұнады?

Педагог – психолог : **К.У.Айжарикова**

«Айгөлек» бөбекжай -бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы
Хаттама №

Күні: 23.11.22 ж.
Тақырыбы: Түзету дамыту жұмыс «Қонжық»
мақсаты:Балалардың көңіл-күйлерін көтереи отырып,армандауға ой салу.
Тобы: **«Айгөлек» мектепалды даярлық топ**
Қатысқан балалар саны: 8
Құралдар: Түзету дамыту жұмыс «Қонжық «Табиғат ғажайыптары» немесе «Табиғат дыбыстары» үнтаспа, саусақ графикасына арналған бояу немесе тіс пастасына араластырылған гуашь, қағаз беттері, сүлгілер.
Сабақтың барысы:
Амандасу.
Жаттығу «Қонжық армандайды» Балалар кілемшеде отырады. Психолог оларға ойыншық қонжықты көрсетеді де айтады: Балалар, бізге қонаққа қонжық келді. Қараңдаршы ол қандай мейірімді, жұмсақ және әдемі. Қане қонжықпен амандасайықшы және бір бірімізге күлімдейік. (Балалар тапсырманы орындайды. Психолог үнтаспаны қосады) Кілемшеге жатындар, көздеріңді жұмып, менің дауысымды тыңдаңдар. Жаздың таңы… Орманның тұрғындары ұйқтап жатырған сияқты. Кенеттен, жазғы көгәлді қоршап тұрған, бұталардың артынан қонжық пайда болды…
Ол күлімдеп ойлап тұрды: «Қандай ғажайып таң… Қандай жылтыр шық тамшылары… Қандай дәмді бүлдірген таңқурайлар… Қандай жұмсақ шөптер…».
Қонжық шөпке жатты да, аспан жаймен қалықтап жүрген бұлттарға қарады… Күн шықты, оның жып-жылы шуақтары қонжықты түртті. Оған сондай әсерлі болды, ол рахаттанғаннан көзін жұмып жатты… Қонжық жатып армандады… Өздеріңді армандай алатын сол қонжықпын деп елестетіп көріңдерші. Армандандар.. Жағымды нәрсе ойлаңдар… Күлімдендер (Үнтаспа өшіріледі.) Қонжық көзін ашып, орнынан тұрып керіледі. Балалар көздеріңді ашыңдар, жақсылап созылып алыңдар.. Не туралы армандағандарынды айтыңдаршы. (Балалар тапсырманы орындайды.)
Сурет әлемі. Үстел үстінде бояу, қағаз беттері және сүлгілер жатыр.
Психолог балаларға үстелге отырып, жұмбақ шешуге шақырады: (Аю туралы жұмбақ жасырылынады.) Психолог магнитті тақтаға сурет жапсырады. Қонжықтар балаларға өзін қарап және анықтап беруін сұрайды. (Балалар қонжықтын дене бөлімдеріне мұқият көңіл бөледі.) Балалар тапсырманы орындайды. Қонжық балаларға суретке кірісуді талап етеді. Балалар саусақтарын бояуға батырып сурет салады.

Педагог – психолог : К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай -бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы
Хаттама №

Күні: 25.11.22 ж.
Түзету –дамыту жұмысы: «Не бейнеленгенін анықта?»
Мақсаты: Қабылдаудың таңдамалылығын дамыту.
Тобы: **«Айгөлек» мектепалды даярлық топ**
Қатысқан балалар саны: 8
Нұсқау: «Балалар, мен сіздерге суреттердің қиындыларын беремін, ал сіздер осы қиындылардан қандай сурет шығатынын анықтауларыңыз керек. Яғни, қиындылардан қандай бейне шығатынын айтыңыз».
«Жемістерді боя»
Мақсаты: Түстерді қабылдауды, ажырата білуді дамыту.
Өткізу әдісі: Балаларға жай қарындашпен салынған жемістердің суреттерімен бірге, түрлі-түсті бояулар беріледі. Содан соң балаларға әр жемісті өзіне тән түспен боя деген тапсырма берілуі керек. Мұнда тек жемістердің суретін ғана емес, жануарлардың, құстардың және т.б. суреттін беруге болады.

«Дөңгелектер арқылы жазу»
Мақсаты: Балалардың естіп қабылдауын дамыту.
Нұсқау: «Балалар, мен қазір сіздерге сөздер оқимын. Ал сіздер сол сөздерді әріптермен емес, дөңгелектер арқылы жазасыздар, яғни әрбір әріпті айтқан сайын бір-бірден дөңгелек салып отырасыздар. Мысалы: «суық» – 0000 т. Жазуға арналған сөздер: қол, шырын, көктем, үй, шық т.б



Педагог – психолог : **К.У.Айжарикова**

«Айгөлек» бөбекжай -бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы
Хаттама №

Күні: 25.11.22 ж.
Түзету –дамыту жұмысы: «Не бейнеленгенін анықта?»
Мақсаты: Қабылдаудың таңдамалылығын дамыту.
Тобы: **«Айгөлек» мектепалды даярлық топ**
Қатысқан балалар саны: 8
Нұсқау: «Балалар, мен сіздерге суреттердің қиындыларын беремін, ал сіздер осы қиындылардан қандай сурет шығатынын анықтауларыңыз керек. Яғни, қиындылардан қандай бейне шығатынын айтыңыз».
«Жемістерді боя»
Мақсаты: Түстерді қабылдауды, ажырата білуді дамыту.
Өткізу әдісі: Балаларға жай қарындашпен салынған жемістердің суреттерімен бірге, түрлі-түсті бояулар беріледі. Содан соң балаларға әр жемісті өзіне тән түспен боя деген тапсырма берілуі керек. Мұнда тек жемістердің суретін ғана емес, жануарлардың, құстардың және т.б. суреттін беруге болады.

«Дөңгелектер арқылы жазу»
Мақсаты: Балалардың естіп қабылдауын дамыту.
Нұсқау: «Балалар, мен қазір сіздерге сөздер оқимын. Ал сіздер сол сөздерді әріптермен емес, дөңгелектер арқылы жазасыздар, яғни әрбір әріпті айтқан сайын бір-бірден дөңгелек салып отырасыздар. Мысалы: «суық» – 0000 т. Жазуға арналған сөздер: қол, шырын, көктем, үй, шық т.б



Педагог – психолог : **К.У.Айжарикова**

Айгөлек" бөбекжай- бақшасы"
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы: Ұсақ мотериканы дамыту жаттығулары

Мақсаты: Ұсақ және мотериканы дамыту. Екі қолдың да бағдарлауын арттыру. Алақан қол бұлшықеттерін дамыту.

Жүргізілген уақыты: 15.12.22 ж .

Қатысқан білім алушы: 6 (қатыспаған білім алушы саны: ___ себебі)

- Балалармен сәлемдесу.
- Орындықта дұрыс отыру ережелерімен таныстыру.
- Балалар осы апта бізде қандай апталық болып жарияланды?
- Балалар бүгін біздер қол саусақтарына арналған түрлі жаттығулар орындаймыз.Сендер дайынсыңдар ма?

1. **Жаттығу: «Түрлі-түсті моншақтарды өз ұяшығына сал»**

Мақсаты: Ұсақ және жалпы мотериканы дамыту.Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету. Балалардың негізгі түстер жайлы (қызыл, сары, жасыл, көк) білімдерін бекіту.

Қажетті құрал-жабдықтар: Түстері әртүрлі моншақтар, ыдыс, түрлі-түсті жұлдызшалар.

Барысы: Балаға бірнеше бөлікке бөлінген ыдыс ұсынылады.Әртүрлі түсті моншақтар ыдыстың дәл ортасына араластырылып салынады.Ыдыстың жан-жағында орналасқан бөлшектеріне түстер бейнеленген жұлдызшалар салынады.Бала жұлдызшаның түстеріне байланысты моншақтарды бөліп салып шығуы тиіс.

2. **Жаттығу: "Судан заттырды қасықпен ал".**

Мақсаты: Ұсақ және жалпы мотериканы дамыту.Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету. Балалардың негізгі түстер жайлы (қызыл, сары, жасыл, көк) білімдерін бекіту.

Қажетті құрал-жабдықтар: Су құйылған үлкен ыдыс, түстері әртүрлі таяқшалар, қасық, түрлі-түсті құты.

Барысы: Баланың алдына су құйылған ыдыс беріледі.Ыдыстың ішіне сумен бірге түстері әртүрлі таяқшалар салынған.Бала түстеріне байланысты таяқшаларды столдың екінші жақ шетінде тұрған түрлі-түсті құтыларға түстеріне байланысты қасықпен алып салуы қажет.

3. **Жаттығу: «Ұптақ жармамен сурет салу»**

Ұнтақ жарма құрылымы бойынша теңіз құмына өте ұқсас болып келеді.Баламен жұмыс жүргізу барысында теңіз құмының орнына тоңазытқышқа 5 минутқа салынған ұнтақ жармасын қолдануға болады.Баланың орындығына екі жақты скотчты пайдалана отырып орындыққа бекітіп, табаққа 5 мм тереңдікте ұнтақ жармасын салып пайдалануға болады.

Психолог: К.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай - бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы : *«Көңілді шеңбер» ойыны*
Мақсаты: *Баланың есте сақтау қабілетін дамыту.*
Жүргізілген уақыты: 09.12.22.
Тобы: «Айгөлек»
Қатысқан тәрбиеленушілер саны: 8
Шаттық шеңбері
Орнымыздан тұрамыз
Күнге шаттана қараймыз.
Қуана қолымызды соғамыз,
Осылай күнге жылу шашамыз.
Сәлеметсіңдерме, балалар!
Сәлемдесу ойыны :
Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз. Қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын. Сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-иез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен: көзбен, қолмен, иықпен, құлақпен, тіземен, арқамен, құшақтасыңдар.
Шеңбер бойымен жүріп біртіндеп орындыққа отырады.
«Көңілді шеңбер» ойыны
Балаларға ойын шартын түсіндіру;
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға түрлі заттарды қыстырып қояды.
(гүл, орамал, бау, т.б). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? деп сұрақ қояды.Ең зейінді балаға жұлдызша беріледі.

Сергіту сәті :
Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру)
Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру)
Үстел үстін бүлдірдің (қолымен үстел үстін көрсету)
Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу)
Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту)
Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу)
«Есіңде сақта» ойыны
Психолог балаларға пішін бейнеленген карточканы ұсынып, мұқият қарап алуын сұрайды. Балалар оны есінде сақтап, содан соң суретін салады.
Рефлексивтік түзетуші

Балалар, сендерге ойын ұнады ма?
- балаларды мадақтау.

Психолог: К.Айжарикова

" Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Жүргізілген уақыты:19.12.2022 ж.
Қатысқан тәрбиешілер саны: 6 (қатыспаған ата-ана саны: ___ себебі)
Әдістеме барысында :

«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Алдын-
ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат іліні п дайындалады. Балалардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек - кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.

«Түрлі – түсті доптар» жаттығуы

Мақсаты: Балалардың есту арқылы есте сақтауын дамыту.

Қағаз бетіне екі кішкентай қызыл және жасыл доп, қызыл доп пен ж асыл доптыңортасына үлкен көк
доп сал, ал жасыл доптың жанына кішкентай сары доп сал.

«Менің көңіл - күйім» жаттығуы

Мақсаты: Көңіл - күйін игере білуге және
басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білугетәрбиелеу.

Алдарыңдағы бланкіге өз көңіл - күйлеріңді суреттеп салыңдар.

«Мен басқаның көзімен»

Ортаға бір баладан кезекпен шығып, қалған қатысушылар ол жайлы қандай ой - пікірдеекенін айтады. Бала өзін басқаның көзімен қандай адам екенін анықтайды.

«Таңғажайып дорба» ойыны

Дорбада бірнеше жеміс, көкөніс бөліктері бар. Бала көзі жабылып, дорбадағы
заттың дәмін татып, оның қай жеміс екенін, дәмі, исі, формасы, түсі жа йында ажырата баяндайды.

«Сиқырлы жұмыртқа» ойыны

Әр бала жұмыртқа бейнесінде берілген формаларға жаңа зат пайда б олатындай етіп,аяқтап сурет салады.

«Әрқашан күп сопбесіп!» жаттығуы

Тақтаға бұлт басқан күннің суреті ілінеді. әр бұлтта тапсырмалар берілген. Солардыорындау барысында күннің көзі ашылады.

Психолог: К.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай -бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы
Хаттама №

Тақырыбы : Дамытуға арналған жаттығулар
Мақсаты: Балалардың танымдық қабылдауларын дамыту.
Жүргізілген уақыты: 07.12.22.
Тобы: « Жұлдыз»
Қатысқан тәрбиеленушілер саны: 8

1. **«Суретке не жетіспейді?**

Мақсаты: Қабылдаудың тұтастығын дамыту.
Нұсқау: «Берілген суреттерге мұқият қарап отырып, суреттердің әрқайсысына қандай детальдар жетіспейтіндігін табыңдар»

2. **«Не бейнеленгенін анықта?**

Мақсаты: Қабылдаудың таңдамалылығын дамыту.
Нұсқау: «Балалар, мен сіздерге суреттердің қиындыларын беремін, ал сіздер осы қиындылардан қандай сурет шығатынын анықтауларыңыз керек. Яғни, қиындылардан қандай бейне шығатынын айтыңыз».

3. «Жемістерді боя"

Мақсаты: Түстерді қабылдауды, ажырата білуді дамыту
Өткізу әдісі: Балаларға жай қарындашпен салынған жемістердің суреттерімен бірге, түрлі-түсті бояулар беріледі. Содан соң балаларға әр жемісті өзіне тән түспен боя деген тапсырма берілуі керек. Мұнда тек жемістердің суретін ғана емес, жануарлардың, құстардың және т.б. суреттін беруге болады.

4.«**Дөңгелектер арқылы жазу**.

Мақсаты: Балалардың естіп қабылдауын дамыту.
Нұсқау: «Балалар, мен қазір сіздерге сөздер оқимын. Ал сіздер сол сөздерді әріптермен емес, дөңгелектер арқылы жазасыздар, яғни әрбір әріпті айтқан сайын бір-бірден дөңгелек салып отырасыздар. Мысалы: «суық» –. Жазуға арналған сөздер: қол, шырын, көктем, үй, шық т.б.

5. «Фигураларды ата»

Мақсаты: Геометриялық фигураларды қабылдауды дамыту.
Өткізу әдісі: Балаларға фигуралар бейнеленген суреттерді көрсетіп, оларды атап шығуды сұрайды. Содан соң өз дәптерлеріне дөңгелектің, шаршының, тікбұрыштың, үшбұрыштың суретін салып шығу тапсырылады (геометриялық фигуралар салынған бастапқыда көрсетілген суретті жинап алу керек).

6. «Минут»

Мақсаты: Уақыт ұзақтығын қабылдауды дамыту.
Өткізу әдісі: «Сағатқа мұқият қарап отырып, секундтық тілінің айналғанына назар аударыңыздар. Тілінің бір айналып шыққаны 1 минут уақытты білдіреді. Содан соң көздерінізді жұмып шамамен 1 минут уақыт өтетіндей уақыт отырыңыздар. 1 минуттай уақыт өткен мезгілде көздеріңді ашыңыздар. Міне, осылайша осы жаттығуды бірнеше рет қайталап жасаңыздар». Жаттығудың уақытын 30 секундтан 2 минутқа дейін созуға болады.

Психолог: К.Айжарикова

" Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Түзету-дамыту жұмысы бойынша

Хаттама №

Тақырыбы: «Көңіл-күйімізді жаттықтыру» ойыны

Мақсаты: Дамытуға арналған жаттығулар арқылы дамыту.

Жүргізілген уақыты: 20.12.22 ж.

Тобы: "Айгөлек"

Қатысқан білім алушы: 8 (қатыспаған білім алушы саны: ___ себебі:)

«Суретке не жетіспейді?»

Мақсаты: Қабылдаудың тұтастығын дамыту.

Нұсқау: «Берілген суреттерге мұқият қарап отырып, суреттердің әрқайсысына қандай детальдар жетіспейтіндігін табыңдар».

«Не бейнеленгенін анықта?»

Мақсаты: Қабылдаудың таңдамалылығын дамыту.

Нұсқау: «Балалар, мен сіздерге суреттердің қиындыларын беремін, ал сіздер осы қиындылардан қандай сурет шығатынын анықтауларыңыз керек. Яғни, қиындылардан қандай бейне шығатынын айтыңыз».

«Жемістерді боя»

Мақсаты: Түстерді қабылдауды, ажырата білуді дамыту.

Өткізу әдісі: Балаларға жай қарындашпен салынған жемістердің суреттерімен бірге, түрлі-түсті бояулар беріледі. Содан соң балаларға әр жемісті өзіне тән түспен боя деген тапсырма берілуі керек. Мұнда тек жемістердің суретін ғана емес, жануарлардың, құстардың және т.б. суреттін беруге болады.

«Дөңгелектер арқылы жазу»

Мақсаты: Балалардың естіп қабылдауын дамыту.

Нұсқау: «Балалар, мен қазір сіздерге сөздер оқимын. Ал сіздер сол сөздерді әріптермен емес, дөңгелектер арқылы жазасыздар, яғни әрбір әріпті айтқан сайын бір-бірден дөңгелек салып отырасыздар. Мысалы: «суық» – 0000 т. Жазуға арналған сөздер: қол, шырын, көктем, үй, шық т.б.

Психолог: К.Айжарикова